


Қаңтар 2023

Суыну

Қызып кету

2023.23.02

Ағымдағы экономикалық белсенділікті бағалау бойынша **дэшборд**



Дэшборд нәтижесі бойынша желтоқсанда **30 фактордың 20-сі экономиканың қызып тұрғанын көрсетті**. Талдау 4 блок бойынша жүргізілді: инфляция, сондай-ақ монетарлық, экономикалық және сыртқы шарттар. Сондай-ақ ҚРҰБ баспасөз хабарламасына семантикалық талдау жүргізілді.

Белгілеу	Көрсеткіштер саны	
	Ағымдағы	Ағымдағы Бұған дейінгі
Қызу	20	17
Өсу	3	5
Суыну	7	8
Барлығы	30	30

Өткен дэшбордпен салыстырғанда монетарлық шарттар блогындағы 1 көрсеткіш пен экономикалық шарттар блогындағы 2 көрсеткіштің қызу аймағына өткендігі байқалды. 2023 жылдың қаңтарында экономикалық белсенділік айтарлықтай үдеді. Бұл ретте бағалар да біртіндеп өсіп жатты. Сәйкесінше экономиканың қызуы көтерілді. Экономиканың бұлайша дамуы өткен жылы экономиканың зардап шеккен салаларының қайта қалпына келіп, өсе бастағандығы арқасында орын алды.

Біздің пайымдауымызша, ағымдағы көрсеткіштердің теңгерімі инфляциялық жағдайдың жұмсара бастағанына сәйкес келіп тұр. Өйткені тұтынушылық сұраныс аздап төмендеді. Тұрақсыз және жоғары инфляциялық болжамдар, базалық инфляциялық қысымның өсуі және мемлекет тарапынан ынталандырулардың жоғары болуы, осының барлығы тұтынушылық белсенділікті сақтауға бағытталған. Сәйкесінше инфляциялық тәуекелдер басым болмақ. Осыған байланысты біздің болжауымызша, базалық мөлшерлеме ағымдағы деңгейінде қалады және инфляциялық үрдіс белең алса да, реттеуші «қаршығалық» іс-әрекетін жалғастырады.



Инфляция блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіштер бойынша түсіндірулер	Көрсеткіштер			Бағалау ықпалы	
			Айлық деректер			Ағымдағы жағдай	Бұған дейінгі жағдай
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа	Жыл басынан бергі орташа		
Инфляцияның ағымдағы деңгейі (ж/ж)	4-5%	ҚРҰБ 2023-2024 жж. арналған мақсатты көрсеткіші	20.7	20.2	20.7	●	●
Инфляцияның ағымдағы деңгейі (а/а)	0.6%	2019-2022 жж. бойынша осы айдағы орташа мән (2020 – саналмайды)	0.9	1.2	0.9	●	●
Инфляциялық болжам	5.0%	ҚР ҰБ мақсатты дәлізінің бір жылдан кейінгі жоғарғы шегі	17.3	18.9	17.3	●	●
Нақты пайыздық мөлшерлеме (TONIA және бір жылға алдын ала жасалған инфляциялық болжам арасындағы айырма)	3.6-3.7%	ҚРҰБ зерттеу деректері	-1.5	-3.1	-1.5	●	●
Тұрғын үй бағасы (а/а)	1.9%	2019-2022 жж. осы айында жаңа тұрғын үйді сату бағаларының өзгеруінің орташа мәні (2020 – саналмайды)	0.7	0.6	0.7	●	●
	2.7%	2019-2022 жж. осы айында пәтерлерді қайта сату бағаларының өзгеруінің орташа мәні (2020 – саналмайды)	-0.3	-0.3	-0.3	●	●

Қызу ■ Өсу ■ Суыну ■

Дереккөз: ҰСБ, ҚРҰБ, Jusan Analytics есептеулері

Инфляция блогы бойынша тұжырымдар:

Тұтыну бағаларының өсу қарқыны әлі де бәсеңдеуде. **Нақты инфляция 2023 қаңтарының қорытындысы бойынша 20.7%-ға жетті** (айлық инфляцияның өсуі 0.9%-ды құрады). 2022-де монетарлық шарттардың қатаңдатылуы және сыртқы инфляциялық қысымның біртіндеп әлсіреуі тұтыну бағаларының өсуін біршама бәсеңдетуге мүмкіндік берді.

Қаңтардың қорытындысы бойынша халық пен бизнес өкілдерінің инфляциялық болжамдары аздап жақсарды. Әдетте олар өткен айдың деңгейінен төмен болады, кейін өсу траекториясына қайта оралады. ҰСБ статистикасына сәйкес бөлшек саудада операциялардың нақты өрнектегі көлемінің аздап қысқарғаны байқалады. Бұл халықтың нақты табысының қысқаруы себебінен, тұтынушылық сұраныстың суынуының жанама көрсеткіш болып табылады. Болжамдар мен сұраныс бойынша аңғарылған үрдіс сақталған жағдайда мұның барлығы болашақ инфляция траекториясының тез төмендеуіне септігін тигізеді.

Дегенмен базалық инфляциялық қысымның одан әрі өсуі Ұлттық Банкті базалық мөлшерлемені ағымдағы деңгейінде қалдыруға мәжбүрлейтін сыңайлы.



Монетарлық шарттар блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіштер бойынша түсіндірулер	Көрсеткіштер			Бағалау ықпалы	
			Айлық деректер			Ағымдағы жағдай	Бұған дейінгі жағдай
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа	Жыл басынан бергі орташа		
Жеке тұлғаларға кредит беру	795 138 млн ₸	2019-2022 ішіндегі орташа мән (2020 - есептелмейді)	1 190 313 млн ₸	1 220 568 млн ₸	1 032 205 млн ₸	●	●
Сауда және қызмет көрсету секторына кредит беру	560 766 млн ₸	2019-2022 ішіндегі орташа мән (2020 - есептелмейді)	743 461 млн ₸	622 193 млн ₸	595 238 млн ₸	●	●
Кредиттер/депозиттер	100%	2019-2022 ішіндегі орташа мән (2020 - есептелмейді)	99%	102%	103%	●	●
Ақша айырбастау пункттерінде валютаға сұраныс	164 289 млн ₸	2019-2022 ішіндегі орташа мән (2020 - есептелмейді)	204 611 млн ₸	201 546 млн ₸	152 577 млн ₸	●	●
Теңгелік салымдардың серпіні*	Рост		8.9%	12.7%	22.0%	●	●
Валюталық салымдардың серпіні*	Снижение		-5.7%	-8.4%	-2.6%	●	●
Долларландыру*	Снижение		-3.44 п.п.	-4.88 п.п.	-5.27 п.п.	●	●
Ақша мультипликаторы	2.5	2019-2022 ішіндегі орташа мән (2020 - есептелмейді)	3.17	3.24	3.15	●	●
Несие мультипликаторы	2.1	2019-2022 ішіндегі орташа мән (2020 - есептелмейді)	2.71	2.84	2.76	●	●
Қосалқы мультипликатор	0.3	2019-2022 ішіндегі орташа мән (2020 - есептелмейді)	0.18	0.17	0.17	●	●

* Жыл басынан бергі және 3 ай ішіндегі өзгерістер берілген

Қызып кету ● Өсу ● Суыну ●

Дереккөз: ҚРҰБ, Jusan Analytics есептеулері

Монетарлық шарттар блогы бойынша тұжырымдар:

Жыл соңына қарай, маусымдық факторға қарамастан, біз қолға берілген жеке салымдардың көлемінің төмендегенін байқаймыз. Алайда, халықты несиелендіру көрсеткіштері оңтайлы деңгейден 50%-ға жоғары. Маусымдық фактор сауда мен көрсетілетін қызметтер саласында қарыз берудің өсуіне әсер етті. Желтоқсанның көрсеткіші 2022 жылы осы сектордың орташа несие беру деңгейінен 25%-ға жоғары. Қаңтар айында біз бөлшек сауда секторында, сондай-ақ сауда және қызмет көрсету саласында қарыз беру қарқынының маусымдық сипатта төмендейтіндігін көретін боламыз. **Сондықтан мұндай төмендеуді біз сұраныс қарқынының төмендеуі деп қабылдай алмаймыз.**

Маусымдық фактор ақшалай қор жинау көрсеткіштеріне де әсер етті. Желтоқсанда біз валюталық салымдардың теңгелік салымдарға өте бастағанын бақыладық. Бұл долларлану деңгейіне ықпал етті. Долларлану деңгейі еркін айналым бағамы режиміне өткелі бері тарихи тұрғыда ең төмен деңгейде және 2022 жылдың соңына қарай 31.6%-ды құрады (2021 соңына қарай 36.0%).

Бір ай ішінде валюта айырбастау пункттерінде валютаға деген сұраныс нетто негізде 15.0%-ға өсті, бірақ көрсеткіш бәрібір өткен жылдың деңгейінен төмен. Сол пункттерде валютаға сұраныстың біршама төмен деңгейде болуы теңге бағамының нығайғандығын қосқанда **халықтың девальвациялық болжамының төмен екендігін көрсетеді.**

Ақша және кредиттік мультипликаторлардың көрсеткіштері бір ай ішінде сәйкесінше 0.11 және 0.24 п.т.-қа қысқарды, ал резервтік мультипликатор көрсеткіші 0.02 п.т.-қа шамалы өсті. Желтоқсанның оң көрсеткіштеріне қарамастан, барлық мультипликаторлардың мәндері экономиканың қызуы көтеріліп тұрғанын білдіреді. Банктер мен қаржы нарығының өзге де қатысушылары мемлекеттік бағалы қағаздарға ақша салып жатыр. Әлі де TONIA (МЕТИАМ) мөлшерлемесіне индекстелген бағалы қағаздар ерекше сұранысқа ие. Олардың көлемі бір ай ішінде 25%-ға өсті. Сондай-ақ орта мерзімге арналған мемлекеттік бағалы қағаздар да (МЕОКАМ) 28%-ға артты. Жалпы теңге бағамының нығайуына және мемлекеттік бағалы қағаздар көлемінің өскендігіне қарап, **көпшілік агенттердің теңгенің одан әрі нығайғандығын және базалық мөлшерлеменің сақталғандығын күтетіндігін айтуға болады.**



Экономикалық шарттар блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіштер бойынша түсіндірулер	Көрсеткіштер				Бағалау ықпалы		
			Айлық деректер			Тоқсандық деректер		Ағымдағы жағдай	Бұған дейінгі жағдай
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа	Жыл басынан бергі орташа	Current value	Previous quarter		
Шығарылым алшақтығы*	0.0%	Халықаралық тәжірибе				0.5%**	0.0%***	●	●
Монетарлық шарттар	0.0%		Тежеуші	Бейтарап	Тежеуші			●	●
Мембюджеттің/ЖІӨ мұнайға жатпайтын тапшылығы	0.0%					-8.6%	-7.7%	●	●
ҚЭИ	104.3	2019, 2021 және 2022 ішіндегі орташа мән	105.0	104.7	105.0			●	●
Іскерлік белсенділік индексі	50.0	Жалпы әлемдік тәжірибе	50.7	49.7	50.7			●	●
Бизнес-цикл «сағаты»	0%	ҚРҮБ деректері	Өсу саласы	Өрлеу саласы	Өсу саласы			●	●
Тұтыну шығындары	11.9%	2019-2022 ішіндегі халықтың тұтыну шығындарының өзгеруінің орташа мәні (2020 - есептелмейді)				13.8%	13.3%	●	●
Тауарлар мен қызмет көрсету саудасының көлемі	4.9%	2019-2022 ішіндегі бөлшек сауданың нақты көлемінің өзгеруінің орташа мәні (2020 - есептелмейді)	20.8%	9.7%	20.8%			●	●
	7.9%	2019-2022 ішіндегі көтерме сауданың нақты көлемінің өзгеруінің орташа мәні (2020 - есептелмейді)	18.8%	13.2%	18.8%			●	●
Тауарларды импорттау	14.3%	2019-2022 ішінде тауарларды импорттаудың орташа мәні (2020 - есептелмейді)	33.8%	28.2%	19.5%			●	●

*Ходрик-Прескотт фильтрін қолдану арқылы есептелді

**ЖІӨ 2005 жылдың орташа жылдық бағаларымен берілген динамикасының базасында

***ҚР ҚМ әдістемесі бойынша есептеледі

Қызып кету ● Өсу ● Суыну ●

Дереккөз: ҮСБ, ҚР ҚМ, Jusan Analytics есептеулері

Экономикалық шарттар блогы бойынша тұжырымдар:

ЖІӨ деректері бойынша 2005 жылдың бағаларында 2022 жылдың 3-тоқсаны үшін шығарылым алшақтығы 0% шамасында қалыптасады, ал біздің болжам бойынша жыл қорытындысында алшақтық тағы да оң аймаққа өтіп, 0.5%-ды құрайды. 2022 жылдың 12 айы ішінде ЖІӨ жылдық есепте 3.2%-ға өсіп (2023 жылдың қаңтарында нақты өсім – 5.6%), алдын ала деректер бойынша 101.5 трлн теңгені құрады.

Мемлекеттік бюджет 2022 жылы 2.2 трлн теңгеге тапшылықпен қалыптасты (2021 жылы -1.5 трлн теңге) немесе ЖІӨ-нің -2.1%. 2022 жылдың 4-тоқсанында бюджет тапшылығы ЖІӨ-ның -5.1%-ын құрады (2021 4-тоқсанында -4.5%). Кірістік бөліктен Ұлттық Банктің трансферттерін және мұнайға арналған кедендік бажды алып тастағанда, бюджеттің мұнайға жатпайтын тапшылығы ЖІӨ-нің -8.2%-ына дейін тереңдейді (2021 жылы -9.6%). Өткен жылдың қорытындысы бойынша бюджеттің шығыс бөлігі ж/ж +19.9%-ға ұлғайды. Бұл экономикада жиынтық сұраныстың көбеюіне әкеп соқты. Бұл кезеңінде экономикада **инфляцияның қосымша өсуіне әкеледі және нарықтың бейімделуіне кедергі келтіреді.**

2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚЭИ өсімі 3.5%-ды құрады. ҚЭИ өсімі жазғы-күзгі кезеңде бәсеңдеді. Ал қараша мен желтоқсанда керісінше өсу серпінін көрсетті. Бұл айларда айлық өсім бір жыл алдыңғы көрсеткіштермен салыстырғанда сәйкесінше 3.9% және 5.1%-ды құрады. **2023 жылдың қаңтары 5.0%-дық өсіммен басталды.** Мұндай жедел өсім нақты сектор (+2.3%) мен қызмет көрсету секторының (+7.6%) өскендігімен қамтамасыз етілді. Экономиканың барлық негізгі салаларында оң серпін байқалды. Бұл ретте экономиканың өсуіне негізгі үлесті көтерме және бөлшек сауда, байланыс және құрылыс салалары қосты. Экономиканың мұндай деңгейде дамуы кейін бағалардың өсуіне түрткі болуы мүмкін.

Тұтынушылық сұраныс 2022 жылдың 3-тоқсанының деректері бойынша тұрақты өсімді көрсетті. Халық шығындарының 90%-дан астамын құрайтын тұтынушылық шығындар жылдық есепте 13.8%-ға өсіп, (2022 2-тоқсанында +13.3%) жан басына шаққанда орта есеппен 219.1 мың теңгені құрады. Бұл ақшаның 55%-ы азық-түлік тауарларына, 27%-ы азық-түлікке жатпайтын тауарларға жұмсалады. Ақылы қызмет шығындары - 18%.

Өткен жылы бойынша бөлшек сауда заттай көрінісінде жылдық есепте 2.1%-ға, ал көтерме сауда 6.3%-ға көтерілді. Экономикада бағалық қысым жағдайында 2022 жыл салалардағы үрдістерді өзгертті. Онда азық-түлік тауарларының нарығы көтерме саудаға қайта бейімделіп қана қоймай, оларға сұраныс қысқарды. 2023 жылдың қаңтарының деректері бойынша сауда саласы 19.4%-ға, бөлшек сауда 20.8%-ға және көтерме сауда 18.8%-ға өсті. Мұндай айтарлықтай өсімді «Қаңтар» оқиғасына байланысты өткен жылғы базаның төмен болғандығынан деп түсінуге болады.



Сыртқы шарттар блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіштер бойынша түсіндірулер	Көрсеткіштер			Бағалау ықпалы	
			Айлық деректер			Ағымдағы жағдай	Бұған дейінгі жағдай
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа	Жыл басынан бергі орташа		
Brent маркалы мұнай бағасы	Бір баррель үшін \$ 85.0	Мұнай бағасы 2022 ж. қарашада бекітілген, мемлекеттік бюджетке енгізілген түзетулерге сәйкес (оған дейін баға бір баррель үшін 90 доллар болған еді)	\$ 83.9 Бір баррель	\$ 83.1 Бір баррель	\$84.0 Бір баррель		
ФАО тұтыну бағаларының индексі	121.5	2019-2022 ішіндегі орташа (2020 - есептелмейді)	131.2	132.9	131.2		
Сауда бойынша негізгі әріптестер саналатын елдердегі инфляция	5.2%	Ресей, 2019-2022 ішінде бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі (2020 - есептелмейді)	11.8	11.9	11.8		
	4.1%	Қытай, 2019-2022 ішінде бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі (2020 - есептелмейді)	2.1%	1.8%	2.1%		
	4.5%	ЕО, 2019-2022 ішінде бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі (2020 - есептелмейді)	10.4%	11.0%	10.4%		
	35.6%	Түркия, 2019-2022 ішінде бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі (2020 - есептелмейді)	57.7%	68.8%	57.7%		
Доллар индексі	97.9	2019-2022 ішіндегі орташа мән (2020 - есептелмейді)	103.3	103.5	103.3		

Қызып кету Өсу Суыну

Дереккөз: ҰСБ, TradingEconomics.com, fao.org, Jusan Analytics есептеулері

Сыртқы шарттар блогы бойынша тұжырымдар:

2022 жылы желтоқсанда азық-түлік пен энергия тасымалдаушылардың әлемдік бағалары тарапынан бағалық қысымның төмендегені одан әрі жалғасты.

ФАО Азық-түлік бағалары индексі әлемдік нарыққа дезинфляциялық сипатта ықпал етуде. Желтоқсанның қорытындысы бойынша азық-түлік бағалары соңғы 4 ай ішінде барынша төмендеді, енді оларды 2021 жылдың нәтижелерімен салыстыруға болады.

Мұнай бағасының бір баррелі 81.6 долларға дейін түсіп кетті. Оған себеп: АҚШ-пен Еуроодақта ауа-райының болжамнан тыс қолайлы болғандығы. Бұл энергия ресурстарына сұранысты қысқартты. Сөйтіп, ресейлік мұнайға қарсы енгізілген эмбарго аясында олардың болашақ тапшы болу ықтималдығын төмендетті. Бұдан басқа Қытайда карантиндік шаралардың әрі қарай жұмсартылуын тежейтін қолайсыз эпидемиологиялық ахуал шикізаттық тауарларға, оның ішінде мұнайға деген ғаламдық сұранысқа кері әсер етеді.

Қазақстанмен сауда жасайтын негізгі әріптес-елдердің көпшілігінде инфляция әлі де мақсатты мәннен жоғары болып тұр. Алайда бұл елдерде инфляциялық ахуал біртіндеп жұмсаруда.

Еуроодақта инфляция 11.5%-дан 11.1%-ға дейін бәсеңдеп, Түркияда 84.4%-дан 64.3%-ға түсті. Қытайда төмендеуін жалғастырып, 1.6%-ға жетті.

2022 жылы желтоқсанда Доллар индексі біртіндеп төмендеуін жалғастырды (орташа мән 104.5 пункт), бұл соңғы 3 жыл ішіндегі орташа көрсеткіштен әлі де айтарлықтай жоғары. ФРЖ бүкіл 2022 жыл бойынша мөлшерлемені барлығы 425 б.п.-ке көтерді, ал жыл соңына қарай көтеру қарқынын бәсеңдеті бастады. Инфляцияның құлдырауы аясында нарыққа қатысушылардың болжамынша ФРЖ-ның монетарлық шарттарды қатаңдату циклі аяқталып келеді. Бұл өз кезегінде ғаламдық доллардың жайғасымын төмендетеді.




Баспасөз хабарламаларын талдау

ҚРҰБ «Базалық мөлшерлемені 16,75% деңгейінде сақтау туралы» баспасөз хабарламасындағы негізгі сөздер оған дейінгі баспасөз хабарламасынан бері өзгерген жоқ десе де болады. «Инфляция» сөзі қайталану жиілігіне қарай әлі де көш басында (25). Мына сөздер жаңа түйінді сөздерге айналды: «Базалық» - 9 рет, «ұлттық» - 7 рет, «болжам» - 7 рет, «мән» және «инфляциялық болжам» 6 реттен. Осы ретте **бағалардың/инфляцияның өсу қарқыны, базалық сценарийге сәйкес факторлардың өзгеру траекториясы және халықтың инфляциялық болжамы** мөлшерлеме бойынша шешім қабылдаудың негізгі факторлары болып табылады деп, болжам жасауға болады.

Forward looking

Жалпы ҚРҰБ өзінің соңғы баспасөз хабарламасында базалық мөлшерлемені көтеру циклының аяқталып келе жатқандығын мәлімдеді. Базалық мөлшерлемеге ықпал ететін негізгі факторларға сүйене отырып, ҚРҰБ қазіргі мөлшерлемені 16.75% деңгейінде сақтауы әбден мүмкін.

Сөйлемше/сөз	Саны	Жиілік %
«инфляция»	25	3.10
«базалық»	9	1.74
«өсім»	9	1.74
«баға»	8	1.55
«жоғары»	7	1.36
«ұлттық»	7	1.36
«болжам»	7	1.36
«мән»	7	1.16



<https://advego.com/text/seo/> көмегімен



Әдіснама

Біз теориялық негіз ретінде Тейлор Ережесін қолданамыз

Тейлор Ережесі (Taylor Rule) — монетарлық саясат ережесі. Ол Жалпы ішкі өнімнің көрсеткіштері, инфляция және басқа да экономикалық жағдайлар өзгерген жағдайда пайыздық мөлшерлемені қаншалықты өзгерту керектігін белгілейді. Ереже барынша жұмыспен қамтуды және баға бойынша тұрақтылықты қамтамасыз ету міндетіне қандай монетарлық саясат жауап беруі тиіс екендігін ғылыми және жүйелік тұрғыда анықтау және орталық банктің монетарлық саясатын болжауға келетіндей ету мақсатында ойлап табылған болатын.

Тейлор Ережесінің формуласы мынадай түрге ие:

$$i_t = \pi_t + r_t^* + a_\pi(\pi_t - \pi_t^*) + a_y(y_t - \bar{y}_t).$$

i_t — пайыздық мөлшерлеме;

π_t — нақты инфляцияның деңгейі;

π_t^* — инфляцияның қажетті деңгейі, монетарлық реттеушінің таргеті;

r_t^* — тепе-теңдік пайыздық мөлшерлемелердің жорамал деңгейі;

$(y_t - \bar{y}_t)$ — шығарылым алшақтығы, нақты және әлеуетті Жалпы ішкі өнімнің арасындағы айырма, өсімнің ұзақ мерзімді траекториясына қатысты циклдың фазасын белгілейді.



Экономикалық шарттар бойынша дэшбордқа арналған пайымдауларымыз:

Біз жасаған дэшборд Тейлор Ережесін шартты түрде үш блокқа бөледі. Олар қалай болғанда да базалық теңдеуде қолданылатын тиісті факторларға сәйкес келеді.

Бұл ретте біз түсіндіруші факторлардың санын көбейттік, сондай-ақ бірқатар озық факторларды қостық. Тиісті факторлар бойынша деректерге баға беріледі. Соның нәтижесінде олардың оңтайлы, ұтымды деңгейден ауытқу дәрежесі белгіленеді.

Көрсеткіштердің жағымсыз жаққа ауытқуы экономиканың қызып кеткендігін немесе фискалдық және монетарлық талаптарды қатаңдату талап ететін басқа да мәселелердің бар екендігін білдіреді. **Ал төмендегені қосымша ынталандыру шаралары қажет екендігін көрсетеді.**

1. **Инфляция блогы** - экономикалық саясаттардың теңгерімсіздігінің, экономикалық белсенділіктің қызынуының және артық сұраныстың негізгі индикаторы;
2. **Монетарлблогы** - инфляцияның озыңқы факторлары, Тейлордың базалық теңдеуіндегі теңгерімді мөлшерлемені түсіндіру және факторды ауыстыру; ық жағдайлар
3. **Экономикалық жағдайлар блогы** - шығарылымның оң немесе теріс үзілісі бар екендігіне қатысты кең ұғым, кең мағына береді.

Тейлор Ережесінің маңызды анықтамасы: шағын ашық экономикалар үшін бірқатар сыртқы жағдайларды ескеру қажет.

4. **Сыртқы жағдайлар блогы** - ағымдағы циклдың фазасына айтарлықтай ықпал ете алатын маңызды сыртқы факторларды көрсетеді;

Әрбір көрсеткіш бойынша нәтижелер жиынтығы экономиканың ағымдағы жай-күйін және "**қызып кету**", "**өсу**", "**суыну**" циклдері аясында реттеушілерден күтілетін болжамды жауапты көрсетеді. Бұл ретте тиісті жағдайға байланысты тиісті жауаптың болмауы экономиканың қызып кету немесе тежелуін одан бетер күшейтіп, көрсеткіштердің одан әрі жағымсыз сипат алуына әкеп соғады.

Автор: Айжан Әлібекова, Сұңғат Рысбек, Клара Сейдахметова

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz